

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1110 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 сәуір N 491

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 тамыздағы N 1110 P951110_ қаулысымен бекітілген "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар жоспарына мынадай өзгертулер енгізілсін:

8-тармақ "түспеген валюта табысы үшін" деген сөздерден кейін "қосылған құнға салынатын салықтан басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қосылған құнға салынатын салық бойынша берешекті өтеу "Испат-Кармет" компаниясымен, "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясымен және Қарағанды облысы бойынша салық инспекцияларымен бекітілген кестеге сәйкес 1995 жылдың 10 тамызынан бастап жүргізілсін.

3. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы "Испат-Кармет" компаниясы жөнелткен көмір қосылған құнға салынатын салық бойынша берешекті бюджетке өтеу есебіне есептелсін.

4. Берешекті өтеу кестесі осы қаулыға қол қойылған күннен бастап 10 күн ішінде бекітілетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі